

Бәйдібек ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 27 қарашадағы "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлем ақысының мөлшерін бекіту туралы" № 358 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Түркістан облысы Бәйдібек ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 21 шілдедегі № 305 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 27 шілдеде № 28920 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабының 1-тармағына сәйкес, Бәйдібек ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Бәйдібек ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 27 қарашадағы № 358 "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлем ақысының мөлшерін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4323 тіркелген) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. "Бәйдібек ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны Бәйдібек ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Бәйдібек ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Бәйдібек ауданының әкімі

Е. Шарипбеков